

Т.К. Нурекешов, Е.М. Айтказин

Alikhan Bokeikhan University, Семей қ., Қазақстан Республикасы
(talap kz@bk.ru, aytkazin@mail.ru)

Қазақстан Республикасындағы су заңнамасын жетілдіру сұрақтары

Аннотация. Мақалада еліміздің қолданыстағы су ресурстарын басқару қызметін реттейтін заңнамасына шолу жасалынып, қалыптасқан жағдайға баға берілген, Қазақстанның қазіргі даму кезеңіндегі су заңнамасын реформалаудың өзектілігі талқыланады. Мақала авторларының пікірінше бүгінгі таңда су ресурстарын пайдалану және қорғау саласындағы қатынастарды құқықтық реттеудегі мәселелерді шешуде жаңа көзқарастардың қажеттілігі байқалады. Мұндай қажеттілік бірінші кезекте мемлекетте туындап отырған экологиялық және экономикалық мәселелер жағдайындағы жаңа сын-қатерлерден келетін қауіптің артуымен байланысты.

Ғылыми мақалада қойылып отырған мақсат еліміздің қолданыстағы су ресурстарын басқару қызметін реттейтін заңнамасына шолу жасау, қалыптасқан жағдайға баға беру, сонымен қатар Қазақстанның қазіргі даму кезеңінде су заңнамасын реформалау әрекеттері мен мүмкіндіктеріне талдау жасау болып табылады.

Авторлар саланы реттейтін жаңа кодекстің қабылдануы, стратегиялық құжаттардың қайта қаралуы және саланы дамытудағы мемлекеттік саясаттың жаңа бетбұрысы бүгінгі күннің қажеттілігі және өзекті деген түйінге келеді.

Түйін сөздер: су ресурстары, су заңнамасы, суды пайдалану, суды үнемдеу, су кодексі, су ресурстарын басқару, климаттың өзгеруі, трансшекаралық сулар.

Т.К. Нурекешов, Е.М. Айтказин

Alikhan Bokeikhan University, г. Семей, Республика Казахстан
(talap kz@bk.ru, aytkazin@mail.ru)

Вопросы совершенствования водного законодательства в Республике Казахстан

Аннотация. В научной статье представлен обзор действующего законодательства страны, регулирующий деятельность по управлению водными ресурсами, дана оценка сложившейся ситуации, обсуждена актуальность реформирования водного законодательства на современном этапе развития Казахстана. По мнению авторов статьи, на сегодняшний день наблюдается необходимость новых подходов в решении вопросов правового регулирования отношений в области использования и охраны водных ресурсов. Такая необходимость связана, в первую очередь, с ростом угрозы, исходящей от новых вызовов в условиях экологических и экономических проблем в стране.

Целью научной статьи является обзор действующего законодательства страны, регулирующего деятельность по управлению водными ресурсами, оценка сложившейся ситуации, а также анализ действий и возможностей реформирования водного законодательства на современном этапе развития Казахстана.

Авторы приходят к выводу, что принятие нового кодекса, регулирующего отрасль, пересмотр стратегических документов и новые подходы государственной политики в развитии отрасли является необходимою и актуальны на сегодняшний день.

Ключевые слова: водные ресурсы, водное законодательство, водопользование, экономия воды, водный кодекс, управление водными ресурсами, изменение климата, трансграничные воды.

T.K. Nurekeshov, Y.M. Aytkazin

Alikhan Bokeikhan University, Semey c., the Republic of Kazakhstan
(talap kz@bk.ru, aytkazin@mail.ru)

Issues of improving water legislation in the Republic of Kazakhstan

Abstract. The scientific article presents a review of the current legislation of the country regulating water resources management activities, assesses the current situation, and discusses the relevance of reforming water legislation at the current stage of development of Kazakhstan. According to the authors of the article, today there is a need for new approaches in solving the issues of legal regulation of relations in the field of water resources use and protection. Such

necessity is connected, first of all, with the growth of threat coming from new challenges under conditions of ecological and economic problems in the country.

The purpose of the scientific article is to review the current legislation of the country regulating water resources management activities, assess the current situation, and analyze the actions and opportunities for reforming water legislation at the current stage of Kazakhstan's development.

The authors conclude that the adoption of a new code regulating the industry, revision of strategic documents and new approaches of the state policy in the development of the industry is a necessity and relevant for today.

Key words: water resources, water legislation, water use, water conservation, water code, water management, climate change, transboundary waters.

Кіріспе. Су адамның өмірі мен денсаулығын қамтамасыз етуші, қоршаған ортаның тіршілігіне тікелей әсер ететін стратегиялық ресурстардың қатарына жатады. Сондықтан, су ресурстарының құқықтық режимін айқындайтын су заңнамасын жетілдіру мәселелерін зерттеу барлық уақытта да өзінің өзектілігін жойған емес.

Бүгінгі таңда су ресурстарын пайдалану және қорғау саласындағы қатынастарды құқықтық реттеудегі мәселелерді шешуде жаңа көзқарастардың қажеттілігі байқалады. Мұндай қажеттілік бірінші кезекте мемлекетте туындап отырған экологиялық және экономикалық мәселелер жағдайындағы жаңа сын-қатерлерден келетін қауіптің артуымен байланысты.

Соңғы жылдары су заңнамасы су ресурстарын қорғау және пайдалану саласындағы қадағалауды енгізу бойынша реттеушілік ықпал ету бөлігінде өзгерістерге ұшырауда. Жаңа министрліктің құрылуымен сала үшін қажетті нормативтік құжаттар әзірленді, су ресурстарын ұлғайту бойынша жобалар іске асырыла бастады, халықаралық ынтымақтастықты дамытуға қажет шаралар атқарылуда.

Қазақстан мемлекеттік деңгейде су ресурстарының тапшылығы қауіпін мойындады. Жаһандық сындарға жауап ретінде елдің «жасыл экономика» моделіне көшуі жоспарланған, оны «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі қолданыстағы тұжырымдаманы [1] іске асыру арқылы жүзеге асыру ұсынылуда. Су ресурстарын, оның ішінде трансшекаралық суларды пайдалану және қорғау қызметінің ұлттық нормативтік жүйесі халықаралық құқық қағидаттары мен нормаларының ықпалына ұшырап отырады. Бұл ретте мемлекетте ратификацияланған

халықаралық шарттардың ұлттық нормалардан басымдығы бар екенін атап өту маңызды [2, 196].

Жалпы, Қазақстан Республикасының су заңнамасы теориялық тұрғыдан аз зерттелмеген. Оны саланың мемлекет пен қоғам өміріндегі маңызды рөлімен түсіндіруге болады. Алайда, саланы реформалау үшін қолданыстағы құқықтық нормаларды зерттеуді жалғастыру әлі де қажет деп санаймыз.

Қазақстандық Су құқығының жүйесі мен негізгі институттарын әзірлеген қазақстандық ғалымдардың қатарына: Б.Ж. Абдраимова, М.А. Аленова, А.Т. Ащеулова, С.Б. Байсалова, А. Е. Бектұрғанова, Д.Л. Байдельдинова, С.Д. Бекишева, Ю. А. Гаврилова, К. Досымбет, Е.Ш. Дүсіпова, А.Е. Ершова, Л.К. Еркінбаева, Ж.С. Елюбаева, М.К. Жүсіпбекова, Л.В. Ильяшенко, С.Т. Күлтелеева, Ж.Х. Қосанова, Г.К. Көпбасарова, К.Ж. Қуандықова, А.А. Мұқашева, Н.Б. Мұхитдинова, Е.С. Рахметова, А.С. Стамқұлова, С.Ж. Сүлейменова, Ф.М. Қызғалдақова, А.Ж. Түкеева, А.Х. Хаджиева, К.А. Шайбекова, С.Д. Шалтақбаева және басқаларын жатқызуға болады. Аталған заңгер-ғалымдар су құқығы және су заңнамасы жүйесінің заңдылықтарын зерттеуге үлкен үлес қосты.

Ғылыми мақалада қойылып отырған мақсат еліміздің қолданыстағы су ресурстарын басқару қызметін реттейтін заңнамасына шолу жасау, қалыптасқан жағдайға баға беру, сонымен қатар Қазақстанның қазіргі даму кезеңінде су заңнамасын реформалау әрекеттері мен мүмкіндіктеріне талдау жасау болып табылады.

Зерттеу әдістері. Зерттеу барысында ақпараттық мәліметтер мен ғылыми ақпарат көздерінің аналитикалық

әдісі қолданылды. Қазақстанның қазіргі даму кезеңінде су заңнамасын реформалаудың өзектілігі тақырыбы бойынша отандық және шет елдік авторлардың ғылыми еңбектеріне шолу жасалынып, заңнамаларды зерттеу теориялық және жүйелік талдау әдістерін пайдалану арқылы жүзеге асты.

Мақаланы дайындау үшін материалдар ретінде Қазақстан Республикасының Су Кодексі, жаңа Су кодексінің жобасы, Қазақстан Республикасының су ресурстарын басқару жүйесін дамытудың 2024-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдамасы, сала қызметін реттейтін халықаралық және шет елдердегі ұлттық заңнамалар, оларды зерттеу нәтижелері пайдаланылды.

Зерттеу нәтижелері. Екімыңыншы жылдардың басында елдегі мемлекеттік басқару жүйесінің реформалануы, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық жағдайдың өзгеруі Қазақстан Республикасының Су ресурстарын басқару жүйесінде елеулі қайшылықтарға алып келгені белгілі. Бұл 2003 жылдың 9 шілдесінде қабылданған Су кодексінің [3] жаңа редакциясын әзірлеуге алғышарттар жасады. Қазіргі уақытта дәл осы заңнамалық акт мемлекеттің су ресурстарын басқару қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық базаның негізі болып табылады. Су кодексі су ресурстарын басқару мен пайдалану кезінде туындайтын қатынастардың ұйымдастырушылық, экономикалық және әлеуметтік негіздерін қалыптастыруда.

Алайда, соңғы жылдары отандық су заңнамасы қарқынды өзгерістерге ұшырауда. Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев 2022 жылғы 8 ақпандағы Үкіметтің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзінде жаңа сұныстарды ескере отырып отандық заңнаманы жаңадан әзірлеу қажеттігін тапсырған болатын [4]. Бұл тапсырма еліміздегі жаңа Су кодексінің жобасын әзірлеуге негіз болды.

Жаңа министрліктің құрылуымен саланы дамыту үшін қажетті нормативтік құжаттар әзірлене бастады, су ресурстарын ұлғайту бойынша жобалардың іске

асырылуы қолға алынды, халықаралық ынтымақтастықты дамытуға қажет шаралар қабылдануда.

Мұның барлығы қазіргі уақыттағы су ресурстарын басқаруға қатысты жаңа көзқарастың қажеттілігімен байланысты болып отыр. Қазақстан мемлекеттік деңгейде су ресурстарының тапшылығы қаупін мойындады. Су тапшылығы және суды пайдалану саласындағы қоғамдық қатынастарды тиімсіз құқықтық реттеу егін шаруашылығымен айналысатын көптеген шаруа қожалықтарының банкрот деп жариялануына әкелді, экономикалық дағдарыс қаупін жоғарылатты. Қазақстан Республикасы барлық аса маңызды экологиялық параметрлер бойынша, ең алдымен су ресурстарының экологиялық жай-күйі төменгі қауіпті сатыға жақындады.

Осы тұрғыдан қарағанда, саланы реттейтін жаңа кодекстің қабылдануы, стратегиялық құжаттардың қайта қаралуы және жалпы саланы дамытудағы мемлекеттік саясаттың жаңа бетбұрысы өзекті болып көрінеді. Жаңа кодекстің мақсаты отандық экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз етумен қатар, азаматтардың өмір сүру жағдайларын жақсартуға және қоршаған ортаны қорғауға мүмкіндік беретін суды ұтымды пайдаланудың қауіпсіз деңгейіне қол жеткізуге бағытталып отыр. Себебі, қолданыстағы кодекс су ресурстарын негізінен экономикалық пайдаға қол жеткізу құралы ретінде қарастырып келгені белгілі.

Негізгі ережелер. Су тапшылығы және суды пайдалану саласындағы қоғамдық қатынастарды тиімсіз құқықтық реттеу егін шаруашылығымен айналысатын көптеген шаруа қожалықтарының банкрот деп жариялануына әкеліп, экономикалық дағдарыс қаупін арттырды. Қазақстан Республикасы барлық аса маңызды экологиялық параметрлер бойынша, ең алдымен су ресурстарының экологиялық жай-күйі төменгі қауіпті сатыға жақындады. Оған Арал теңізінің экологиялық апатына әкеп соқтырған Амудария мен Сырдария өзендердің ауыр

жай-күйі айқын мысал бола алады. Соңғы жылдары Каспий теңізі де мұнай өндіру өнеркәсібінің қалдықтарымен ластану нәтижесінде едәуір таязданған және шамадан тыс ластануда. Нәтижесінде Каспий итбалығының өлімі жиілеп, бекіре тұқымдас балықтардың саны азайды, теңіз бетінде теңіздің флора мен фаунасына зиянды әсер ететін мұнай қалдықтары көптеп байқалуда. Сондай-ақ, су құйылымдарының азаюына, өнеркәсіптік және ауыл шаруашылығы қалдықтарымен ластануына байланысты Балқаш көліндегі экологиялық жағдай едәуір нашарлаған, ал ол бір кездері әлемдегі ең таза көлдердің бірі болып саналғаны белгілі [5, 96].

Мамандардың пікірінше жекелеген су шаруашылығы бассейндерінің және тұтастай алғанда Қазақстанның бірыңғай су шаруашылығы жүйесінің әлеуметтік, экологиялық және экономикалық жүйелерінің тұрақтылығына әрбір су шаруашылығы бассейні үшін және тұтастай алғанда Қазақстанның бірыңғай су шаруашылығы жүйесі үшін белгіленген нормативтер шеңберінде жұмыс істейтін жағдайда ғана қол жеткізуге болады [6, 366].

Қазақстан Республикасындағы су қатынастарын заңнамалық қамтамасыз ету мен құқықтық реттеу ұйымдастырушылық тұрғыдан қарағанда күрделі қызмет, сонымен қатар көп құрылымды жүйе болып келеді. Ол қызметті тұтынушылар өзінің тіршілік етуінің барлық кезеңінде су қатынастарының субъектілері болып қала береді және су ресурстарын пайдаланушылар ретінде қарастырылады. Су қатынастарын құқықтық реттеудің негізі және діңгегі жалпыға міндетті нормативтік құқықтық актілердің жиынтығы түріндегі су заңнамасы болып табылады [7, 44-456.]. Бүгінгі күнде осы су заңнамасы су ресурстарын қорғау және пайдалану саласындағы қадағалауды енгізу бойынша реттеушілік ықпал ету бөлігінде өзгерістерге ұшырауда. Жаңа министрліктің құрылуымен сала үшін қажетті нормативтік құжаттар әзірленді, су ресурстарын ұлғайту бойынша жобалар іске асырыла бастады, халықаралық

ынтымақтастықты дамытуға қажет келісімдерге қол жеткізілді.

Су ресурстарын басқару жүйесін дамытудың 2024-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы қабылданды [8]. Өкілетті органның мәліметінше, аталған құжаттың жүзеге асырылуы су көлемін арттырып, оны үнемді жұмсауға мүмкіндік беруі тиіс [9].

Сонымен қатар Су шаруашылығын дамытудың 2024-2030 жылдарға арналған Кешенді жоспары әзірленді. Оны іске асыру да еліміздегі су ресурстарының көлемін көбейтіп, суармалы судың шығынын азайтуы тиіс [9]. Салаға жауапты министрдің айтуынша құжат саладағы қазіргі ахуалды және үздік халықаралық тәжірибені ескере отырып әзірленген [10].

Сондай-ақ, шекаралас мемлекеттермен су қауіпсіздігі бойынша келіссөздер белсенді жүргізіліп келеді. Біршама келісімдерге қол жеткізілген.

Ең маңыздысы – су ресурстарын сақтауға, су заңнамасына ғылыми көзқарасты енгізуге бағытталған жаңа Су кодексінің жобасы талқыланды. Жаңа кодекс жобасын депутаттарға таныстырған тиісті министрлік өкілі Болат Бекниязовтың сөзінше: «Жаңа Су кодексінің нормалары жүйеленген және декларативті, қайталанатын нормалар алып тасталынды. Оның қағидалары мен міндеттері оларды іске асыру тетіктерімен үйлестірілген. Сонымен қатар, қауіпсіздік, суару мен дренаж, ауыз су және сумен жабдықтау мәселелері жеке бөлімдерге бөлініп шығарылды» [11].

Жаңа Су кодексінде суды үнемдеуге жоғары мән берілген. Мысалы, су пайдаланушылар су ресурстарын ұтымды пайдалануға, суды үнемдеу технологиялары мен суды қайта пайдалану жүйелерін енгізу жөнінде шаралар қабылдауға, сондай-ақ жер асты ауыз суларын мақсатсыз пайдалануға жол бермеуге міндетті. Суды қайта пайдалану жүйесі жоқ ұйымдар мұндай жүйелерге көшу жоспарын ұсынуға міндетті. Ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіпте су үнемдеу технологияларын енгізу дәрежесіне қарай су беру жөніндегі қызметтер үшін

субсидиялар және төмендетілген тарифтер түрінде мемлекеттік қолдау көзделген.

Ауыз судың сапасын жақсартуға қойылатын талаптар пайда болды. Ол эпидемиологиялық, радиациялық және химиялық жағынан қауіпсіз болуы керек. Су құрамына қойылатын талаптар, талдау жүргізу түрлері мен мерзімдері Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына сәйкес айқындалатын болады.

Сонымен қатар мемлекеттің су саласын климаттың өзгеруіне бейімдеуге арналған жеке бап пайда болды. Ұсынылатын шараларға: бейімделу стратегиясын әзірлеу, жеке сектор мен азаматтық қоғамды қоса алғанда, барлық мүдделі тараптарды тарту, жаңа технологияларды қолдану, ауыл шаруашылығында суды тиімді пайдалану, өсімдіктерді суарудың үнемді әдістерін енгізу және құрғақшылыққа төзімді дақылдарды отырғызу, жаңа инфрақұрылым құру, оны жаңғырту және тағыда басқалары жатқызылған.

Тағы бір, біздің пікірімізше маңызды қадам – ендігі су ресурстарын қорғау және пайдалану саласындағы қоғамдық бақылауға көп көңіл бөлінетін болды. Мәселен, Жаңа Су кодексінде коммерциялық емес ұйымдар министрліктен қоғамдық бақылауды жүргізуге аккредитация ала алатын ережелер жазылған. Ол үшін ондай қызметпен айналысуға ниетті ұйым тек өзінің жарғысының көшірмесін және өтініш беруі қажет, өтініш берілген сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралатын болады.

Осы және басқа ережелер заң жобасын ұсынушылардың пікірінше өкілетті органдарға өз міндеттерін тиімді жүзеге асыруға көмектесуі тиіс. Бұл реформаның түбінде суды үнемдеудің жалпыұлттық саясатын қалыптастыру және дамыту, су ресурстарын қорғау және пайдалану мәселелерін шешуге жұртшылықты тарту, суаруды дамыту және басқа да маңызды мақсаттар жатқанын аңғаруға болады.

Ал ағымдағы жағдайға келетін болсақ, саланы зерттеуші заңгер

ғалымдармен қолданыстағы су заңнамасының мәселелері әрдайым көтеріліп келеді. Мәселен, А.А. Мукашеваның пікірінше Қазақстан Республикасының қолданыстағы су заңнамасында нормативтік-құқықтық актілердің үлкен санымен қатар, елдің су объектілерін пайдалану, қорғау және қалпына келтіру, халықты ауыз сумен тиісінше қамтамасыз ету, мемлекеттік органдардың құзыреттерін бөлудің, қайта бөлудің және бекітудің құқықтық тетігі бөлігінде елеулі мәселелер бар [12, 45б.].

Ал Л.М. Махметова болса еліміздегі суды пайдалану мен қорғауды құқықтық реттеудің мәселелеріне арнаған зерттеуінде суды ластанудан, бітелуден, сарқылудан қорғау мәселесінің өте өзекті екенін атаған. Автор су объектісінің жай-күйіне әсер ететін қызметті мемлекеттік сараптама түрі заңнамада көзделмегендігін қолданыстағы ұлттық заңнаманың олқылығы ретінде атаған. Бұл мәселеге мән беру қажеттілігін алға тартып, автор аталған сұрақты 2008 жылы көтерген болатын, алайда, мәселе бүгінгі күнде де өзінің өзектілігін жоймай келеді [13, 53б.].

Аталғандармен қатар жалпы мемлекеттің су қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі де ерекше назарда және белгілі бір шешімдердің қабылдануын қажет етуде. Осы тұрғыда отандық ғалым Д.Л. Байдельдиновтың пікіріне сүйенуге болады. Ғалымның ойынша: «Қазақстан Республикасының су қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері терең ғылыми зерттеулерге мұқтаж, оның ішінде кешенді құқықтық шешімдер қабылдау қажеттілігі жоғары». Су қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерін ғылыми зерттеудің қажеттілігін ғалым бірқатар факторлармен байланыстырған, олар:

- нарық талаптарын ескере отырып су қауіпсіздігінің түсіндірме аппаратын қалыптастыру қажеттілігі;

- әлеуметтік құбылыстардың қарама-қарсы командалық-әкімшілік әдістерінен ерекшеленетін императивті, диспозитивті қасиеттерді, экономикалық сипаттау құралдарын қамтитын су ресурстарын басқарудың жаңа тәсіліне көшу қажеттілігі;

- Қазақстан Республикасының қолданыстағы су заңнамасындағы қарама-қайшылықтардың болуы [14, 1116.].

Тағы бір саланы зерттеуші ғалымдардың пікірінше климаттың өзгеруі де болашақта Қазақстанның су қауіпсіздігіне әсер ететін болады және заңнаманы реформалау кезінде бұл жағдайды да назардан тыс қалдыруға болмайды. Климаттың өзгеруі мемлекеттердің жерді пайдалану мен суды басқарудың тиімсіздігімен салыстырғанда зияны аз әрине. Дегенмен, ауа-райының жаһандық жылынуы да аймақтың сумен қамтамасыз етілуіне байланысты осалдығын арттыра түсетін болады және су арқылы берілетін инфекциялардың таралуына ықпал етуі мүмкін. Орталық Азия географиялық орналасуына және ауыл шаруашылығына айтарлықтай тәуелділігіне байланысты осал аймақ болып саналады. Өңірде игерілетін жалпы су көлемінің 90% - дан астамы суару үшін пайдаланылады және бұл судың көп бөлігі ірі өзендерден алынады. Өңір үшін егін суару экономикалық тұрғыдан стратегиялық маңызға ие, егін шаруашылығы мемлекеттердегі ЖІӨ-нің үштен бірін береді және жұмыспен қамтудың үштен екісінен астамын қамтамасыз етіп отыр. Сонымен қатар, азық-түлік пен энергетикалық қажеттілікті қамтамасыз ету үшін суды тұтыну халықтың өсуімен бірге артатынын да ескеру қажет. Аталған факторлардың барлығы өз кезегінде Орталық Азия мемлекеттері арасындағы қатынастардың күрделене түсуіне әкелуі мүмкін [15, 756-757б.]. Сондықтан да, су инфрақұрылымының жетілдірілуі де маңызды қажеттілік және Орталық Азия елдерінің тұрақты дамуының негізі болып саналады. Ол ауыз суға қол жеткізуді қамтамасыз етеді, азық-түлік пен энергетикалық қауіпсіздікті қолдайды, экономикалық өсуге ықпал етеді және климаттың өзгеруі салдарын азайтуға көмектеседі. Су инфрақұрылымын пайдалану, қызмет көрсету және дамыту үшін құқықтық және институционалдық негізді нығайта отырып, мемлекеттер өз

экономикасын дамытуға мүмкіндік алады [16, 56.].

Тағы бір зерттеу нәтижесінде авторлар Орталық Азия мемлекеттерінің кейбірінде нормативтік актілердің ескіргенін және жаңартуды қажет ететінін атаған. Бұл әсіресе Өзбекстан Республикасына қатысты, мұнда әлі күнге дейін Су кодексі түрінде жеке кодификацияланған құжат жоқ. Ал басқа мемлекеттерде ұлттық заңнама өзгерді және бұл су қатынастарын құқықтық реттеудің сапасына оң әсер ететіні анық. Алайда, бұл деңгей жеткілікті емес, оны заманауи әдістерді енгізу арқылы арттыруға болады. Авторлар мемлекеттік тендерлерді өткізу рәсімдерін, сондай-ақ су ресурстарын пайдалануға немесе қорғауға байланысты қызметті қаржыландыруды өзгертуді ұсынады [17, 86.].

Траншекаралық су қатынастарын реттейтін халықаралық нормативтік құқықтық актілер жүйесінде әртүрлі мемлекеттердің үкіметтері арасындағы келісімдерге маңызды рөл беріледі. Еліміз бірқатар аймақтық келісімшарттардың қатысушысы болып табылады [5, 976.].

Аталғандармен қатар, қазіргі уақытта Қазақстан өзінің Су құқығын реформалау аясында жетекші шет мемлекеттердің қандай сәтті тәжірибелерін пайдалана алады деген сұрақ жиі туындауда. Осы тұрғыда су қатынастарын реттеу мен су объектілеріне келтірілген залалды өтеудің тиімді құралдарын белгілейтін Еуропалық Одақтың директивалары заманауи болып көрінеді және мұқият зерттеуді талап етеді. АҚШ заңнамасы да әлемдегі алдыңғы қатардағылардың бірі болып саналады [18, 1176.].

Соңғы жылдары Еуропада «азаматтардың суға құқығы» күшейді, алғашында Еуропа азаматтарының бастамасы ретінде көтеріліп жүрген сұрақ болса, кейіннен ол шын мәнінде адам құқығына айнала бастады. Алайда, су құқығы қалыпты және әрдайым тұрақты дамып келеді деп айтуға келмейді, себебі ол бүгінгі күнде күрделі компромисқа кездесіп отыр: бір жағынан, таза және қол жетімді суға қол жеткізу адам өмірінің сапасын

қамтамасыз ету үшін қажеттілік десек; екінші жағынан, су барған сайын шектеулі ресурсқа айналуға, сол себепті оған кедергісіз қол жеткізу оның жетіспеушілігі мен ластану қаупін арттырады [19, 736.].

Қалай болғанда да, мұндай үрдіс сақталады деп болжаймыз және болашақта Қазақстан мен Орталық Азия мемлекеттері үшін де аталған мәселенің маңыздылығы арта түсетіні анық.

Су ресурстарын басқару мен қолданудың шет елдердегі тәжірибелердің тағы бір ерекшелігі ретінде мемлекеттердегі таза суға арналған жеке заңның болуын атауға болады. Мұндай жеке құжаттардың мақсаты сулардың тазалығын және халықты таза ауыз суымен қамтамасыз етілуіне қол жеткізу. Мысал ретінде 1972 жылы АҚШ-та қабылданған «Таза су туралы» (Clean Water Act) заңын атауға болады. Заң мемлекет аумағындағы сулардың химиялық, физикалық және биологиялық құрамын қалпына келтіру мен сақтауға бағытталған [20, 390-391б.].

Қорытынды. Қазақстан Республикасының су ресурстарын басқару саласындағы қазіргі заманғы нормативтік-құқықтық база ұлттық мүдделер мен даму мақсаттарын ескере отырып, сондай-ақ әлемдік тәжірибе мен құқық қолдану практикасын пайдалана отырып қалыптасты. Ұлттық мүдделер мен нормативтік-құқықтық базаны негізге ала отырып Қазақстан Республикасы трансшекаралық су ресурстарын пайдалану мен қорғау саласындағы мәселелерді шешуде белсенді қатысып келеді. Қолданыстағы нормативтік-құқықтық база су ресурстарын реттеу мен қорғаудың жалпы міндеттерін іске асыру мақсатында кең мүмкіндіктерге ие. Алайда, уақыт көрсеткендей, ұлттық деңгейде де, мемлекетаралық шарттық-құқықтық қатынастар деңгейінде де отандық заңнаманың мүмкіндіктері туындап отырған жана сын-қатерлерді ескере

бермейді, сол себепті одан әрі жетілдіруді талап етеді.

Еліміздің су заңнамасы соңғы жылдары қарқынды өзгерістерге ұшырауда. Жаңа министрліктің құрылуымен саланы дамыту үшін қажетті нормативтік құжаттар әзірлене бастады, су ресурстарын ұлғайту бойынша жобалардың іске асырылуы қолға алынды, халықаралық ынтымақтастықты дамытуға қажет шаралар қабылдануда. Мұның барлығы қазіргі уақыттағы су ресурстарын басқаруға қатысты жаңа көзқарастың қажеттілігімен байланысты болып отыр.

Осыған орай су ресурстарын сақтауға, су заңнамасына ғылыми көзқарасты енгізуге бағытталған жаңа Су кодексінің жобасы талқылануда. Талдау нәтижесі көрсеткендей кодекстің жаңа нұсқасында су ресурстарын үнемдеуге, ауыз судың сапасын жақсартуға және су ресурстарын қорғау және пайдалану саласындағы қоғамдық бақылауға көп көңіл бөлінген.

Жоғарыда аталған мәселелерді шешу жолында саланы реттейтін жаңа кодекстің қабылдануы, стратегиялық құжаттардың қайта қаралуы және жалпы саланы дамытудағы мемлекеттік саясаттың жаңа бетбұрысы бізге өзекті болып көрінеді. Қолданыстағы су заңнамасында нормативтік-құқықтық актілердің үлкен санымен қатар, елдің су объектілерін пайдалану, қорғау және қалпына келтіру, халықты ауыз сумен тиісінше қамтамасыз ету, мемлекеттік органдардың құзыреттерін бөлудің, қайта бөлу мен бекітудің құқықтық тетіктерін реттеу бөлігіндегі мәселелер шешімін табуы тиіс. Аталғандармен қатар жалпы мемлекеттің су қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі де өзіне ерекше назарды талап етуде және осыған байланысты Қазақстан аймақтағы көршілес мемлекеттермен тығыз қарым-қатынаста болып, ортақ мүддедегі батыл шешімдер қабылдауы тиіс болады.

Әдебиеттер тізімі

1. «Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдама туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 30 мамырдағы № 577 Жарлығы – [Электронды ресурс] – Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1300000577> (жүгінген күні: 27.08.2024).

2. Обзор политики и рекомендации для Республики Казахстан в сфере управления трансграничными водными ресурсами. Астана, 15.12.2016 – [Электронный ресурс] – Режим доступа: https://unece.org/fileadmin/DAM/env/water/meetings/Water_Convention/2016/Projects_in_Central_Asia/ReviewTransboundCooperation_Kazakhstan_RUS_FINAL.pdf (дата обращения: 27.08.2024).
3. «Қазақстан Республикасының Су Кодексі» 2003 жылғы 9 шілдедегі N 481 Кодексі. – [Электронды ресурс] – Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K030000481> (жүгінген күні: 30.08.2024).
4. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың Үкіметтің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзі. Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты, 8.02.2022 – [Электронды ресурс] – Айналыс режимі: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-ktokaevty-n-ukimettin-keneytilgen-otyrysynda-soylegen-sozi-812317> (жүгінген күні: 03.09.2024).
5. Кусмамбетов К.Д. Правовое регулирование водных ресурсов Республики Казахстан: современное состояние и перспективы: Диссертация на соискание степени доктора философии (PhD) – Алматы, 2023. – 139 с.
6. Тюменев С.Д. Водные ресурсы и водообеспеченность территории Казахстана: Учебник. – Алматы: КазНТУ, 2008. – 267 с.
7. Кусмамбетов К.Д. Современные концепции водного законодательства в теории водных отношений // Вестник КазНУ. Серия: Юридическая. – 2022. – Том 101, № 1. – 42-52 бб. DOI: <https://doi.org/10.26577/JAPJ.2022.v101.i1.05>
8. «Қазақстан Республикасының су ресурстарын басқару жүйесін дамытудың 2024 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 5 ақпандағы № 66 қаулысы – [Электронды ресурс] – Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2400000066> (жүгінген күні: 10.09.2024).
9. Итоги года: проекты по обеспечению водой, водный кодекс и международные соглашения, 30.12.2023 – [Электронный ресурс] – Режим доступа: <https://primeminister.kz/ru/news/itogi-goda-proekty-po-obespecheniyu-vodoy-vodnyy-kodeks-i-mezhdunarodnye-soglasheniya-26891> (дата обращения: 12.09.2024).
10. Су саласында кешенді жоспар қабылданады, 2.02.2024 – [Электронды ресурс] – Айналыс режимі: <https://arainfo.kz/23741/su-salasynda-keshendi-zhospar-abyldanady> (жүгінген күні: 15.09.2024).
11. Проект Водного кодекса презентовали депутатам Мажилиса. Официальный интернет ресурс Мажилиса Парламента Республики Казахстан, 18.03.2024 – [Электронный ресурс] – Режим доступа: <https://www.parlam.kz/ru/mazhilis/news-details/id52193/1/1> (дата обращения: 19.09.2024).
12. Мукашева А.А. Система водного законодательства: состояние и перспективы // Вестник Института законодательства Республики Казахстан. – 2013. – №3 (31). – 42-47 бб.
13. Махметова Л.М. Проблемы правового регулирования использования и охраны вод в Республике Казахстан // Вестник Института законодательства Республики Казахстан. – 2009. – №1 (13). – 50-54 бб.
14. Байдельдинов Д.Л. Угрозы водной безопасности Казахстана: правовые аспекты // Вестник КазНУ. Серия: Юридическая. – 2018. – Том 87, № 3. – 109-114 бб.
15. Zhupankhan A., Tussupova K., & Berndtsson R. Water in Kazakhstan, a key in Central Asian water management // Hydrological Sciences Journal. – 2018. – 63(5). – Pages 752-762. <https://doi.org/10.1080/02626667.2018.1447111>
16. Ziganshina D. Water infrastructure in Central Asia: legal and institutional frameworks // Frontiers. – 2023. – Published: 07 December 2023. – Pages 1-6. DOI 10.3389/fclim.2023.1284400
17. Orzaliev K., Mukasheva A., Ybyraya N., Nurekeshov T. Current regulation of water relations in Central Asia // Regional Science Policy & Practice. – 2024. – Available online 5 March 2024. – Pages 1-9. <https://doi.org/10.1016/j.rsp.2024.100038>
18. Терновая О.А. Российский и зарубежный опыт регулирования водных отношений в монографии Д.О. Сивакова «Водное право» // Аграрное и земельное право. – 2017. – №5 (149). – С. 116-118
19. Benöhr I. The Right to Water and Sustainable Consumption in EU Law. // Consum Policy. – 2023. – Volume 46. – Pages 53-77. <https://doi.org/10.1007/s10603-022-09532-5>
20. David A Keiser, Joseph S Shapiro. Consequences of the Clean Water Act and the Demand for Water Quality // The Quarterly Journal of Economics. – 2019. – Volume 134, Issue 1. – Pages 349-396. <https://doi.org/10.1093/qje/qjy019>

References:

1. «Kazakstan Respublikasynyn «zhasyly jekonomikaga» koshui zhonindegi tuzhyrymdama turaly» Kazakstan Respublikasy Prezidentinin 2013 zhylgy 30 mamyrdagy № 577 Zharlygy – [Jelektrondy resurs] – Ajnalys rezhimi: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1300000577> (zhugingen kuni: 27.08.2024).
2. Obzor politiki i rekomendacii dlja Respubliki Kazahstan v sfere upravlenija transgranichnymi vodnymi resursami. Astana, 15.12.2016 – [Jelektronnyj resurs] – Rezhim dostupa: https://unece.org/fileadmin/DAM/env/water/meetings/Water_Convention/2016/Projects_in_Central_Asia/ReviewTransboundCooperation_Kazakhstan_RUS_FINAL.pdf (data obrashhenija: 27.08.2024).
3. «Kazakstan Respublikasynyn Su Kodeksi» 2003 zhylgy 9 shildegegi N 481 Kodeksi. – [Jelektrondy resurs] – Ajnalys rezhimi: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K030000481> (zhugingen kuni: 30.08.2024).

4. Memleket basshysy K.Tokaevtyн Ukimettin kenejtilgen otyrysynda sojlegen sozi. Kazakstan Resublikasy Prezidentinin resmi sajty, 8.02.2022 – [Jelektronny resurs] – Ajnalyz rezhimi: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-ktokaevtyн-ukimettin-kenejtilgen-otyrysynda-sojlegen-sozi-812317> (zhugingen kuni: 03.09.2024).
5. Kusmambetov K.D. Pravovoe regulirovanie vodnyh resursov Respubliki Kazahstan: sovremennoe sostojanie i perspektivy: Dissertacija na soiskanie stepeni doktora filosofii (PhD) – Almaty, 2023. – 139 s.
6. Tjumenev S.D. Vodnye resursy i vodoobespechenost' territorii Kazahstana: Uchebnik. – Almaty: KazNTU, 2008. – 267 s.
7. Kusmambetov K.D. Sovremennye koncepcii vodnogo zakonodatel'stva v teorii vodnyh otnoshenij // Vestnik KazNU. Serija: Juridicheskaja. – 2022. – Tom 101, № 1. – 42-52 bb. DOI: <https://doi.org/10.26577/JAPJ.2022.v101.i1.05>
8. «Kazakstan Respublikasynyn su resurstaryн baskaru zhujesin damytudyn 2024 – 2030 zhyldarga amalghan tuzhyrymdamasyn bekitu turaly» Kazakstan Respublikasy Ukimettin 2024 zhylygy 5 akpandagy № 66 kaulysy – [Jelektronny resurs] – Ajnalyz rezhimi: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2400000066> (zhugingen kuni: 10.09.2024).
9. Itogi goda: proekty po obespecheniju vodoj, vodnyj kodeks i mezhdunarodnye soglasheniya, 30.12.2023 – [Jelektronny resurs] – Rezhim dostupa: <https://primeminister.kz/ru/news/itogi-goda-proekty-po-obespecheniyu-vodoy-vodnyj-kodeks-i-mezhdunarodnye-soglasheniya-26891> (data obrashhenija: 12.09.2024).
10. Su salasynda keshendi zhospar kabyldanady, 2.02.2024 – [Jelektronny resurs] – Ajnalyz rezhimi: <https://arainfo.kz/23741/su-salasynda-keshendi-zhospar-abyldanady> (zhugingen kuni: 15.09.2024).
11. Proekt Vodnogo kodeksa prezentovali deputatam Mazhilisa. Oficial'nyj internet resurs Mazhilisa Parlamenta Respubliki Kazahstan, 18.03.2024 – [Jelektronny resurs] – Rezhim dostupa: <https://www.parlam.kz/ru/mazhilis/news-details/id52193/1/1> (data obrashhenija: 19.09.2024).
12. Mukasheva A.A. Sistema vodnogo zakonodatel'stva: sostojanie i perspektivy // Vestnik Instituta zakonodatel'stva Respubliki Kazahstan. – 2013. – №3 (31). – 42-47 bb.
13. Mahmetova L.M. Problemy pravovogo regulirovaniya ispol'zovaniya i ohrany vod v Respublike Kazahstan // Vestnik Instituta zakonodatel'stva Respubliki Kazahstan. – 2009. – №1 (13). – 50-54 bb.
14. Bajdel'dinov D.L. Ugrozy vodnoj bezopasnosti Kazahstana: pravovye aspekty // Vestnik KazNU. Serija: Juridicheskaja. – 2018. – Tom 87, № 3. – 109-114 bb.
15. Zhupankhan A., Tussupova K., & Berndtsson R. Water in Kazakhstan, a key in Central Asian water management // Hydrological Sciences Journal. – 2018. – 63(5). – Pages 752-762. <https://doi.org/10.1080/02626667.2018.1447111>
16. Ziganshina D. Water infrastructure in Central Asia: legal and institutional frameworks // Frontiers. – 2023. – Published: 07 December 2023. – Pages 1-6. DOI 10.3389/fclim.2023.1284400
17. Orazaliev K., Mukasheva A., Ybyraya N., Nurekeshov T. Current regulation of water relations in Central Asia // Regional Science Policy & Practice. – 2024. – Available online 5 March 2024. – Pages 1-9. <https://doi.org/10.1016/j.rspp.2024.100038>
18. Ternovaja O.A. Rossijskij i zarubezhnyj opyt regulirovaniya vodnyh otnoshenij v monografii D.O. Sivakova «Vodnoe pravo» // Agrarnoe i zemel'noe pravo. – 2017. – №5 (149). – S. 116-118
19. Benöhr I. The Right to Water and Sustainable Consumption in EU Law. // Consum Policy. – 2023. – Volume 46. – Pages 53-77. <https://doi.org/10.1007/s10603-022-09532-5>
20. David A Keiser, Joseph S Shapiro. Consequences of the Clean Water Act and the Demand for Water Quality // The Quarterly Journal of Economics. – 2019. – Volume 134, Issue 1. – Pages 349-396. <https://doi.org/10.1093/qje/qjy019>

Авторлар туралы мәліметтер / Информация об авторах / Information about authors

Талап Қайратович Нуреқешов – Alikhan Bokeikhan University мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының меңгерушісі, PhD докторы, 87753993850, talapzk@bk.ru.

Нуреқешов Талап Қайратович – заведующий кафедрой государственно-правовых дисциплин Alikhan Bokeikhan University, Доктор PhD, 87753993850, talapzk@bk.ru.

Nurekeshov Talap Kairatovich – Head of the Department of State and Legal Disciplines Alikhan Bokeikhan University, PhD, 87753993850, talapzk@bk.ru.

Ерлан Майданұлы Айтқазин – Alikhan Bokeikhan University докторанты, құқық магистрі, 87753993528, aytkazin1805@mail.ru.

Айтқазин Ерлан Майданұлы – Докторант Alikhan Bokeikhan University, магистр права, 87753993528, aytkazin1805@mail.ru.

Aytkazin Yerlan Maydanuly – Doctoral student of Alikhan Bokeikhan University, Master of Law, 87753993528, aytkazin1805@mail.ru.